



Товарищество с ограниченной ответственностью
«Маңғыстау энергомұнай»
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Ереже

ІСКЕРЛІК ӘДЕП КОДЕКСІ

MEM-PR-26-73

Ақтау қаласы

2025 ж.



Товарищество с ограниченной ответственностью

«Маңғыстауэнергомұнай»

Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Құжат атауы:

Іскерлік этика кодексі

Құжат түрі: Ереже	Коды: MEM-PR-26-73	1 басылым	2 бет, барлығы 13
Жасақтаған: Комплаенс офицер	Тексерген: «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС Бас директоры	«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС Байқау кеңесінің шешімімен бекітілді	
 Балгожаев М. «30» _____ 2025 ж.	 Косбаев Н.Р. «___» _____ 2025 ж.	«05» _____ 2025 ж. хаттама № 11	




MEM-PR-10-31, «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС Бас директорының 2019 жылғы 19 ақпандағы № 4 бұйрығымен бекітілген Іскерлік этика кодексі **ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ.**

КЕЛІСІЛДІ:

№ р/б	Лауазымы	Аты-жөні	Қолы	Күні
1	ҚҚжәнеКҚ жетекшісі	Соколова М.Н.		30.04.25.ж
2	Сапа бойынша аға инженер (тәуекелдерді басқару жөніндегі маман)	Бекентаев Б.Б.		30.04.25.ж

Мазмұны

1. Жалпы ережелер	3
2. Қолданылу саласы	3
3. Кодекстің мақсаттары	3
4. Корпоративтік құндылықтар мен принциптер	3
5. Серіктестіктегі мінез-құлық нормалары мен ережелері	6
6. Ішкі және сыртқы стейкхолдерлермен қарым-қатынас этикасы	7
7. Тәуекелдерді басқару	9
8. COMPLAINT қызметі	11
9. Кодекстің сақталу мәселелері бойынша байланыс арналары	11
10. Қорытынды ережелер	12
11. Жазба нысаны	12
№ 1 қосымша	13

 Товарищество с ограниченной ответственностью «Маңғыстау энергомұнай» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Іскерлік әдеп кодексі		
	Құжаттың түрі: Ереже	Код: MEM-PR-26-73	1 басылым

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Іскерлік әдеп кодексі (бұдан әрі - Кодекс), іскерлік мінез-құлық пен корпоративтік басқарудың танылған стандарттары, сондай-ақ халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, «Маңғыстау энергомұнай» ЖШС (бұдан әрі – Серіктестік) Жарғысының және өзге де ішкі құжаттарының ережелеріне сәйкес әзірленді және іскерлік әдептің негізін қалаушы құндылықтары мен қағидаттарын, сондай-ақ іскерлік және қызметтік қатынастардың этикалық нормаларын белгілейді.

1.2. Кодекс Серіктестіктің корпоративтік құндылықтары мен этикалық қағидаларын көрсетеді, олардың негізінде қабылданған мінез-құлық ережелері, корпоративтік этика стандарттары мен нормалары айқындалады және сақталады.

2. Қолданылу саласы

2.1. Осы Кодекстің ережелері Серіктестік қызметінің барлық салаларында және қызметкерлердің өзара, сондай-ақ серіктестермен, жеткізушілермен, тұтынушылармен және Серіктестіктің өзге де стейкхолдерлерімен өзара қарым-қатынас түрлерінде қолданылуы тиіс.

2.2. Осы Кодекстің ережелерін сақтау, атқаратын лауазымына қарамастан, Серіктестіктің барлық қызметкерлерінің міндеті болып табылады.

2.3. Серіктестікпен жұмыс істейтін немесе Серіктестік атынан өкілдік ететін іскери серіктестерге, жеткізушілерге және басқа үшінші тұлғаларға Кодекстің ережелерін немесе комплаенс мәселелері бойынша басқа да ұқсас саясаттарды ұстану ұсынылады.

3. Кодекстің мақсаттары

3.1. Серіктестіктің барлық лауазымдық деңгейлердегі қызметкерлері басқарушылық шешімдер қабылдауда және өзінің күнделікті қызметінде басшылыққа алатын іскерлік этика мен мінез-құлық құндылықтарын, принциптерін, ережелері мен нормаларын бекіту.

3.2. Мінез-құлық кодексі корпоративтік мәдениетті дамытуға және Серіктестіктің беделін нығайтуға, қызметкерлер мен сыртқы қоғамдастық (құрылтайшылар, мемлекеттік органдар, стейкхолдерлер және басқалар) тарапынан Серіктестікке деген сенімді арттыруға және сақтауға бағытталған.

4. Корпоративтік құндылықтар мен принциптер

4.1. Серіктестікте барлық деңгейлерде Серіктестіктің корпоративтік құндылықтарына сәйкес басқарушылық шешімдер қабылданады.


4.2. Серіктестіктің негізгі корпоративтік құндылықтары:

Қауіпсіздік

- ✓ Біз барлық деңгейде қауіпсіз еңбек мәдениетін дамытамыз;
- ✓ Біз қызметкерлеріміздің, серіктестеріміздің және қоршаған ортаның қауіпсіздігі қамын ойлаймыз;
- ✓ Біз оқиғаларға нөлдік төзімділікті насихаттаймыз және қауіпсіздік процестерін үнемі жетілдіріп отырамыз.

Тиімділік

- ✓ Біз Серіктестіктің ресурстарына ұқыпты қараймыз;
- ✓ Біз қажетті өзгерістерді енгізіп отырамыз және нәтижеге мейлінше тиімді түрде қол жеткіземіз;
- ✓ Біз қателіктер кезінде кінәлілерді іздеуге уақыт кетірмейміз – шешу жолдарын ұсынамыз.

 Товарищество с ограниченной ответственностью «Маңғыстау энергомұнай» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі		Іскерлік әдеп кодексі	
Құжаттың түрі: Ереже	Код: MEM-PR-26-73	1 басылым	4 бет, барлығы 13

Жауапкершілік

- ✓ Біз Серіктестіктің мүддесінде жұмыс істейміз және құқықтық салада әрекет етеміз;
- ✓ Біз қызметкерлерімізге қамқорлық жасаймыз және стейкхолдерлер алдындағы міндеттемелерімізді орындаймыз;
- ✓ Біз елдің, оның азаматтарының және болашақ ұрпақтың әлауқатына үлес қосып келеміз.

Команда

- ✓ Біз – біртұтас командамыз. Біз Серіктестікпен бірге дамып, ілгері жылжудамыз;
- ✓ Біз әр қызметкеріміздің бастамаларын қолдаймыз, қатысуын бағалаймыз, жұмысындағы шығармашылық пен инновациялық шешімдерді қолдаймыз;
- ✓ Біз өзара құрмет пен сенім мәдениетін ұстанамыз. Біз бір-бірімізбен тәжірибе бөлісеміз.

4.3. Серіктестіктің қызметі мынадай принциптерге негізделген:

Әдепті мінез-құлық

Қызметкерлер мемлекеттік және басқа да тілдерге, мемлекеттік рәміздер мен Серіктестіктің рәміздеріне құрмет көрсетудің айрықша үлгісін көрсетеді, мінез-құлық мәдениетінің жоғары моральдық және этикалық нормаларын ұстанады, Серіктестіктің қазіргі және келешектегі беделіне нұқсан келтіретін қоғамға және этикаға жат мінез-құлыққа жол бермейді.

Кәсіпқойлық


Қызметкерлер – Серіктестіктің негізгі құндылығы және негізгі ресурсы. Қызмет нәтижелері және Құрылтайшылар мен Мүдделі тараптар үшін құрылған құн қызметкерлердің кәсіби деңгейіне тікелей байланысты. Серіктестік қажетті еңбек жағдайларын қамтамасыз ете отырып, кәсіби және жеке дамуға мүмкіндік беру арқылы, қызметкерлердің біліктілік деңгейін арттыруға ұмтылады. Қызметкерлер барлық қажетті біліктілік талаптары мен өздерінің лауазымдық нұсқаулықтарына сай болуы тиіс. Өз құзыретінің деңгейін арттыруға тырысуы керек, салмақты және жауапты шешімдер қабылдау қабілеті болуы тиіс. Сондай-ақ өздерінің кәсіби, жеке қасиеттерін және этикалық мәдениет деңгейін өсіруге және дамытуға ынталы болуы керек.

Әділеттілік және меритократия

Серіктестік айқын жалдау ережелері сақталатын және қызметкерлер өздерінің әлеуетін дамытуы және табысқа жетуі үшін тең мүмкіндіктері болатын әділ және инклюзивті орта жасайды.

Құрмет

Серіктестік қызметкерлері бір-біріне деген өзара құрметке негізделген қарым-қатынас орнатады. Серіктестіктің кеңсесінде де, одан тыс жерлерде де құрылтайшыларға, серіктестерге, жеткізушілерге, тұтынушыларға және Серіктестіктің басқа да стейкхолдерлеріне қатысты өздерін дұрыс және кәсіби деңгейде ұстайды. Қызметкерлердің жынысына, нәсіліне, ұлтына, қарым-қатынас тіліне, шығу тегіне, мүліктік және лауазымдық жағдайына, тұрғылықты жеріне, дінге көзқарасына және саяси сенімдеріне қарамастан, адал және әділ қарым-қатынасқа құқығы бар.

 Товарищество с ограниченной ответственностью «Маңғыстауэнеpгoмұнай» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Іскерлік әдеп кодексі		
	Құжаттың түрі: Ереже	Код: MEM-PR-26-73	1 басылым

Ашықтық

Серіктестік, Серіктестіктің бизнес-процестеріндегі ашықтық пен айқындықты, ашық коммуникациялар мен кері байланысты ынталандырады және бұл үшін барлық қызметкерлер үшін қауіпсіз және тең жағдай жасайды. Қызметкерлердің өзгерістерге ашықтығын ынталандырады және бастамаларын қолдауға жағдай жасайды.

Қызметкерлер кездесулерге, талқылауларға және диалогқа ашық болуға ұмтылады. Әріптестермен және басқа да Мүдделі тараптармен өзара мүдделерді ескеруге, Серіктестік пен оның Мүдделі тараптарының мүдделері арасында құқықтар мен тепе-теңдікті сақтауға негізделген ұзақ мерзімді ынтымақтастық құруға ұмтылады.

Экологиялық жауапкершілік

Серіктестік өз қызметінде Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстар және адамдардың денсаулығы саласындағы заңнамасының талаптарын қатаң сақтауға, сондай-ақ ресурстарға ұқыпты қарау арқылы өз қызметінің қоршаған ортаға және қоғамға теріс әсерін барынша азайтуға ұмтылады.

Серіктестік табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және қолайлы қоршаған ортаны сақтау, энергия үнемдеуді қамтамасыз ету, табиғи ортаға теріс әсерді азайту, ресурстар мен уақытты ұқыпты және жауапкершілікпен пайдалануға, еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған инновациялық технологияларды енгізу үшін қоғам мен болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігін мойындайды.

Әрбір қызметкер өз жұмыс орындарында, жоспарлау, шешім қабылдау және ресурстарға ұқыпты қарау процестерінде табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және қоршаған ортаны қорғау үшін жауап береді.

Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті сақтау үшін жауапкершілік

Серіктестік өз қызметінде өндірістік қызмет нәтижелеріне қатысты, еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қауіпті өндірістік факторлардың алдын алуда қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына басымдық береді. Жазатайым жағдайлар немесе авариялармен байланысты шығындар мен залалдарға қатысты нөлдік төзімділік қағидатын ұстанады.

Орнықты даму

Әрбір қызметкер ұзақ мерзімді перспективада Серіктестік пен қоғамның орнықты дамуы үшін өзінің ықпалын және барабар жауапкершілігін сезінуі тиіс және орнықты даму саласындағы өз білімін үнемі жетілдіріп отыруға күш салуы керек.


Серіктестік Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық шартының қағидаттарын қолдайды («Маңғыстауэнеpгoмұнай» ЖШС Іскерлік әдеп кодексіне №1 қосымша).

Кемсітуге және қысым көрсетуге тыйым салу

Серіктестікте нәсілдік, діни, ұлттық, жыныстық, саяси немесе өзге де қатыстылығы, әлеуметтік шығу тегі, мүліктік және лауазымдық жағдайы, қарым-қатынас тілі және басқа да мән-жайлар негізінде қорқытуға, оның ішінде әзілмен қорқытуға және біреуге қатысты кез келген кемсітушілікке, сондай-ақ көрсетілген белгілер негізінде жекелеген Қызметкерлерге қандай да бір артықшылықтар беруге жол берілмейді.

Серіктестік сөзбен де, физикалық немесе визуалды да қысымға немесе қорлайтын мінез-құлыққа мүлдем жол жоқ деп санайды.

Қауіп-қатерге, зорлық-зомбылыққа және физикалық қорлауға мүлдем жол берілмейді.

 Товарищество с ограниченной ответственностью «Маңғыстау Энергомұнай» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі		Іскерлік әдеп кодексі	
Құжаттың түрі: Ереже	Код: MEM-PR-26-73	1 басылым	6 бет, барлығы 13

Серіктестікте дөрекі, қатал сөз тіркестерін қолдануға, балағат сөздерді, қолдануға рұқсат етілмейді.

Серіктестік жұмыс орнында ешқандай қысымға, соның ішінде жыныстық қудалауға, моральдық зорлық-зомбылыққа және агрессивті мінез-құлыққа жол бермейді.

5. Серіктестіктегі мінез-құлық нормалары мен ережелері

5.1. Күнделікті іс-әрекеттерінде қызметкерлер мынадай мінезқұлық ережелерін ұстанады:

1) тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, қарым-қатынас тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне, жұмыс орнына, жұмысқа орналасу/орналаспауына немесе кез келген өзге де мән-жайларға қарамастан, кез келген адамның және азаматтың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтейді;

2) әріптестерінің пікірін құрметтейді, жұмыс барысында туындаған мәселелерді теңдік, ынтымақтастық және әріптестік қағидаттарында ашық әрі мейірімді ниетпен талқылайды;

3) іскерлік қарым-қатынаста тұрпайылыққа жол бермейді, телефонмен сөйлескенде дұрыс және сыпайы мінез танытады, немқұрайлылық пен дөрекілікке төзбейді;

4) біреудің пікіріне мұқият қарайды;

5) Әріптестермен тәжірибе мен ақпарат алмасады, жақсы нәтижеге қол жеткізуде бір-біріне көмек көрсетеді;

6) Өзінің жұмыс уақыты мен әріптестерінің, серіктестерінің және басқалардың уақытын ұтымды пайдаланады;

7) Ресми нысанмен, ұстамдылық және дәлдікпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік киім стилін ұстанады – іскерлік костюм, классикалық үлгіде пішілген жепір мен жейделер киеді;

8) Жұмыс уақытында қызметтік міндеттерін орындаумен байланысты емес істермен айналыспайды;

9) Әріптестердің жеке немесе кәсіби қасиеттерін талқыламайды.

5.2. Қызметкерлерге салынатын тыйымдар:

1) Қызметкерлер үшінші тұлғалар алдында Серіктестік туралы негізсіз жағымсыз сөздер айтпауға немесе қандай да бір түрде Серіктестік беделіне нұқсан келтірмеуге тиіс.

Серіктестік қызметкерлерінің мұндай ақпаратты БАҚ-да беруіне немесе әлеуметтік желілерде, форумдарда, электрондық хаттарда немесе басқа да әлеуметтік сервистерде теріс пікірлер айтуға құқығы жоқ. Алайда қызметкерлерге Серіктестіктің өз ішінде қызметін жақсарту үшін қызметтік мақсатта сындарлы сын айтуына тыйым салынбайды;


2) есірткі және рұқсат етілмеген психотроптық заттарды қолданбауға; жұмыс орнында, Серіктестік аумағында немесе Серіктестік атынан жұмыс жүргізілетін жерде алкоголь ішпеуге, жұмыс орнында алкогольдік масаң күйде болмауға тиіс;

3) егер қызметкер өзінің лауазымдық міндеттеріне қатысы жоқ саяси, діни, мәдени немесе өзге де қызметті жүзеге асыратын болса, онда мұндай қызмет шеңберінде ол жеке тұлға ретінде ғана әрекет ете алады, бірақ Серіктестіктің өкілі ретінде емес;

4) егер құзыретіне кірмесе және тиісті қызметтік өкілеттіктері болмаса, Серіктестік атынан сөз сөйлемеуге тиіс;

5) Серіктестіктің имиджі мен беделіне тікелей немесе жанама түрде теріс әсер ететін әрекеттерді жасамауға тиіс.

5.3. Басшы қызметкерлердің жауапкершілігі мен міндеті.

 <p>Товарищество с ограниченной ответственностью «Маңғыстау Энергомұнай» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</p>	Іскерлік әдеп кодексі		
	Құжаттың түрі: Ереже	Код: MEM-PR-26-73	1 басылым

Басшы қызметкерлер өздерінің мінез-құлқымен әріптестерден бастап Серіктестік серіктестеріне, жеткізушілеріне және тұтынушыларына таралатын айқындық, ашық қарым-қатынас және сенім мәдениетін құруда маңызды рөл атқара отырып, осы Кодекстің нормаларын мінсіз ұстанатынын танытады.

Осы мақсатта басшылар:

1) қызметкерлер өздерінің құқықтары мен міндеттерін түсінетін және қудалаудан қорықпай, ережелердің ықтимал сақталмауына алаңдаушылық білдіретін мінез-құлық мәдениетін қалыптастырады;

2) әдепті мінез-құлықты және Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауды жеке басы үлгісімен танытады;

3) қызметкерлердің жұмысын бағалау және көтермелеу кезінде мінезқұлық ережелерін ұстанатынын ескереді; қызметкерлер қызметкердің этикалық мінез-құлқының маңызы Серіктестік қызметінің нәтижелерінен кем түспейтінін түсінуі үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды;

4) қызметкерлердің Кодекстің ережелерімен танысуын, олардың Кодекс қағидаттарын түсінуін және сақтауын қамтамасыз етеді;

5) қарамағындағыларына қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, қадір-қасиетін қорлау, әдепсіздік және немқұрайлылық фактілеріне жол бермейді;

6) қарапайымдылық, ізгі ниет, мәлімдемелерінде айқындық таныту, стрестік және жанжалды жағдайларда өзін лайықты әрі сабырлы ұстай біледі;

7) өзінің қызмет бабын қарамағындағылардың мүдделеріне нұқсан келтірмей, пайдаланады және басынбайды;

8) сын үшін қудалауға жол бермейді, сондай-ақ қарамағындағылардың өтініштеріне мұқият, сыпайы және шыдамды болады;

9) кемшіліктерді жою және қарамағындағылардың кәсіби қызметін жақсарту үшін сындарлы сын қолданады;

10) бағынысты қызметкерлерін заңнама мен талаптарды бұзуға, жалпы қабылданған моральдық-этикалық мінез-құлық нормаларына сәйкес келмейтін құқыққа қайшы теріс қылықтарды немесе іс-әрекеттерді жасауға мәжбүрлемейді;

11) Серіктестіктің барлық қызметкерлері үшін алаламай, бейтарап және әділ қарым-қатынасты қамтамасыз етеді, қызметкерлерді кемсitudiң кез келген түріне жол бермейді, сондай-ақ адамдардың жекелеген санаттарына заңсыз жеңілдіктер мен артықшылықтар бермейді;

12) ұжымда әр қызметкер қандай да бір мәселені талқылауға шығарғанда өзін жайлы сезінетін ашық қарым-қатынас ортасын құрады;

13) қарамағындағылар мен қызметкерлердің Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелерімен этика мәселелері бойынша белсенді өзара ісқимылын қамтамасыз етеді, этикалық мәселелерді талқылауға адал бастамашы болған қызметкерлерге қолдау көрсетеді;


14) Кодекс талаптарының бұзылуын жою жөнінде дереу шаралар қабылдайды, сондай-ақ қажетті ықпал ету шараларын қабылдайды;

15) қызметкерлердің кодекс талаптарын сақтауын және қызметкерлерді бағалау кезінде олардың Серіктестікте мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға қосқан үлесін ескереді.

6. Ішкі және сыртқы стейкхолдерлермен қарым-қатынас этикасы

6.1. Құрылтайшылармен қарым-қатынас этикасы.

Серіктестік құрылтайшыларының құқықтарын сақтау және қорғау негізгі басымдықтардың бірі болып табылады. Құрылтайшылармен өзара қарым-қатынастар, соның ішінде Серіктестік пен құрылтайшылар арасында ақпарат алмасу тәртібі, Қазақстан

 Товарищество с ограниченной ответственностью «Маңғыстау Энергомұнай» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі		Іскерлік әдеп кодексі	
Құжаттың түрі: Ереже	Код: MEM-PR-26-73	1 басылым	8 бет, барлығы 13

Республикасы заңнамасының, Серіктестік өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттердің өзге де қолданылатын заңнамасының талаптарына, Серіктестіктің бағалы қағаздарына баға белгіленетін қор биржаларының талаптарына, сондай-ақ Серіктестіктің Жарғысы мен ішкі құжаттарына негізделген.

6.2. Саяси маңызы бар адамдармен, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл этикасы.

Саяси маңызы бар адамдармен, мемлекеттік органдармен немесе мемлекет меншігіндегі немесе мемлекеттік бақылаудағы ұйымдармен өзара ісқимыл кезінде ерекше сақтық таныту қажет.

Серіктестіктің мүдделерін білдіретін қызметкерлер мен делдалдарға:

1) Саяси маңызы бар кез келген адамға ақшалай қаражат, сыйлықтар, қонақжайлық белгілері, кез келген құндылықтар беруге тыйым салынады;

2) Саяси маңызы бар адамдарға, мемлекеттік органдарға және мемлекет меншігіндегі немесе мемлекеттік бақылаудағы Серіктестіктерге нысандылықтарды жеделдету үшін заңсыз төлемдерді жүзеге асыруға тыйым салынады;

3) Коммерциялық қызметті Саяси маңызы бар тұлғалармен бірлесіп жүзеге асыру сыбайлас жемқорлық тәуекеліне әкелуі мүмкін. Қызметкерлерге ішкі рәсімдерге сәйкес алдын ала тексерусіз мұндай коммерциялық мәмілелер жасасуға тыйым салынады.

4) Серіктестік қызметкерлерін құттықтауға, өндірістік объектілердің салтанатты ашылуына, сондай-ақ мемлекеттік және ұлттық мерекелерге, сондай-ақ Серіктестік пен осы Саяси маңызы бар адамдар арасындағы өзара ісқимылды талқылау мақсатындағы басқа да іскерлік жиналыстарға Саяси маңызы бар адамдар шақырылған іс-шараларға рұқсат етіледі. Бұл ретте осы ісшаралар/жиналыстар шеңберінде Саяси маңызы бар адамға басқа шақырылған адамдарға қатысты преференциялар берілмейді.

6.3. Контрагенттермен өзара іс-қимыл этикасы:

1) заңдылық, ашықтық, шарттардың талаптарын сақтау, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілікке және сатылмаушылыққа негізделген өзара іс-қимыл, сондай-ақ Контрагенттерді мынадай факторлар комбинациясының негізінде іріктеу: үздік баға, сапа және шарттар, Контрагенттің іскерлік беделі;


2) Серіктестік Контрагенттерден қолданыстағы заңнама талаптарын сақтауын, Қызметкерлермен әділетті қарым-қатынас жасауын, балалар еңбегін пайдаланбауын, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуін, қоршаған ортаны қорғауын және әдепті мінез-құлықтың өзге де қағидаттарын ұстануын күтеді;

3) Тендерлік комиссияның тәуелсіз жұмысын қамтамасыз ету және оның қызметіне араласпау; Серіктестік үшін жұмыстарды, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде қызметкерлер мүдделер қақтығысын, сыйлықтар мен іскерлік қонақжайлық белгілерін болдырмай, практикалық ойларды басшылыққа ала отырып шешім қабылдайды. Серіктестік заңнама талаптарын сақтайтын және адалдық қағидаттарына сүйену жөніндегі Серіктестік міндеттемесіне сәйкес келетін іс-қимылдарды орындайтын жеткізушілермен ғана бизнес жүргізеді;

4) Бірлескен кәсіпорындарды ұйымдастыру кезінде, бірігу мен қосып алуды жүзеге асыру кезінде Серіктестік өзінің комплаенсқа және Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға бейілділігі туралы хабардар етеді және іскер әріптесінен осындай бейілділікті күтеді.

6.4. Бәсекелестермен өзара іс-қимыл этикасы.

Бәсекелестермен қарым-қатынаста Қызметкерлерге келесідей тыйым салынады:

 Товарищество с ограниченной ответственностью «Маңғыстау энергомұнай» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Іскерлік әдеп кодексі		
	Құжаттың түрі: Ереже	Код: MEM-PR-26-73	1 басылым

- 1) Бәсекелестермен құпиялылық режимдегі ақпаратпен алмасуға;
- 2) Бәсекелестермен бағалар немесе нарықты бөлу туралы ресми немесе бейресми келісім жасауға – бұл Серіктестік үшін жауапкершілікке әкеп соғуы және оның беделіне нұқсан келтіруі мүмкін;
- 3) Бәсекелестер туралы құпия ақпаратты алудың заңсыз әдістерін пайдалануға;
- 4) Бәсекелестер, олардың тауарлары/көрсететін қызметтері туралы жалған мәлімдемелер жасауға.

Біз тек адал әрі шынайы жарнаманы пайдаланамыз, жарнамалық және маркетингтік іс-шараларды өткізу кезінде заңды немесе үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзуға жол бермейміз.

6.5. Бұқаралық ақпарат құралдарымен және қоғаммен өзара іс-қимыл этикасы.

Қоғаммен қарым-қатынасында Серіктестік мынадай принциптерді ұстанады:

1) Белгіленген тәртіппен БАҚ-қа мәлімет ұсынатын Серіктестіктің жауапты тұлғалары оның дұрыстығына және онда қызметтік және коммерциялық құпия құрайтын мәліметтің, сондай-ақ құпия сипаттағы мәліметтің болмауына дербес жауапты болады;

2) Әрбір қызметкер Серіктестіктің қызметкері ретінде білдірген кез келген көзқарасы немесе жалпы ақпараты Серіктестіктің өзіне, оның имиджіне тікелей байланыстырылатынын және оның іскерлік қауымдастықтағы беделіне әсер ететінін түсінуі және әрқашан есте ұстауы керек;

3) егер Серіктестік Жарғысына, Серіктестік құрылтайшыларының үміттері мен талаптарына және Серіктестіктің басқа да ішкі нормативтік құжаттарына қайшы келмесе, Серіктестік экономиканың әлеуметтік маңызы бар салаларын дамытуға бағытталған бағдарламаларды қолдауға ұмтылады.

4) Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігі қағидаттарын ұстанады.

7. Тәуекелдерді басқару

7.1. Сыбайлас жемқорлық.

Серіктестік сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шеңберінде мынадай қағидаттарды ұстанады:

1) Серіктестік қолданылатын жергілікті және халықаралық заңнаманы, Кодекстің және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы өзге де ішкі құжаттардың ережелерін басшылыққа алады, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы әлемдік стандарттарға өзінің бейілділігін растайды;

2) Серіктестікте кез келген нысанда және көріністерде сыбайлас жемқорлықты қабылдамау қағидаты («нөлдік төзімділік» қағидаты) бекітіледі;

3) Серіктестік сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіреді, бағалайды, басқарады, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту жөніндегі шараларды енгізеді және орындалуын қамтамасыз етеді.


7.2. Мүдделер қақтығысы.

Серіктестік Қызметкерлердің жеке мүдделері мен олардың кәсіби міндеттері арасындағы қақтығыстарға жол бермеуге тырысады. Қызметкерлер:

1) Қызметкерлер қатаң түрде Серіктестік мүддесінде іс-қимыл жасауға және іскерлік шешімдер қабылдауға міндетті;

2) Қызметкерлер кез келген ықтимал мүдделер қақтығысы туралы алдын ала хабарлауға тиіс;

3) Барлық жағдайларда Мүдделер қақтығысына әкелген немесе әкелуі мүмкін жағдай шешілуі тиіс.

 Товарищество с ограниченной ответственностью «Маңғыстау энергомұнай» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі		Іскерлік әдеп кодексі	
Құжаттың түрі: Ереже	Код: MEM-PR-26-73	1 басылым	10 бет, барлығы 13

7.3. Құпиялық.

Құпия ақпаратпен жұмыс істеу кезінде Қызметкерлер мынадай қағидаттарды ұстанады:

- 1) Құпия ақпаратты қорғау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды;
- 2) Қолданылатын жергілікті заңнамаға сәйкес құпия ақпаратты жария етпеу;
- 3) Құпия ақпаратқа қол жеткізе алмайтын басқа қызметкерлерге немесе Серіктестіктен тыс басқа үшінші тұлғаларға құпия ақпараттың рұқсатсыз кіруіне және жария етілуіне жол бермеу, сондай-ақ деректердің жоғалуына немесе жойылуына жол бермеу туралы қамқорлық жасайды.

7.4. Серіктестіктің меншігін қорғау.


Меншікті қорғау шеңберінде Қызметкерлер мынадай қағидаттарды ұстанады:

- 1) Серіктестіктің мүлкі мен активтеріне ұқыпты қарау, ұрлықтың, бүлдірудің, ысырап етудің, ұқыпсыз қараудың алдын алу;
- 2) Серіктестіктің мүлкін жеке пайда алу мақсатында пайдалануға тыйым салынады;
- 3) Серіктестіктің зияткерлік меншігін қорғау.

7.5. Сыйлықтармен алмасу.

Серіктестік жұмыскерлерінің:

- 1) өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау үшін тиісті функцияларды орындамайтын заңды ұйымдар мен жеке тұлғалардан ақша, бағалы сыйлықтар, қызметтер түрінде және өзге де нысандарда сыйақы қабылдауға;
- 2) әдептілік пен қонақжайлылықтың жалпыға бірдей қабылданған нормаларына сәйкес немесе хаттамалық және өзге де ресми іс-шараларды өткізу кезінде ілтипаттық символдық белгілер мен символдық кәдесыйларды қоспағанда, өз лауазымдық міндеттерін орындауға байланысты төмендегідей:
 - Серіктестік жұмыскерлерінің арасында жасалған (сый алатын жұмыскер мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғаларға теңестірілген тұлға болып табылатын жағдайларды қоспағанда);
 - Серіктестіктен жұмыскерге атаулы күнге (сыйлық берілетін жұмыскердің мерейтойы, Серіктестіктегі мерейтойлық жұмыс өтілі, зейнеткерлікке шығуы, туған күндері және т.б.) берілетін;
 - Серіктестік өз жұмыскерлері үшін ұйымдастыратын корпоративтік ісшаралар шеңберінде Серіктестік атынан жұмыскерлерге берілетін;
 - егер бірдей брендтелген кәдесыйлар бұқаралық іс-шаралар (хаттамалық іс-шаралар, ресми қабылдаулар, семинарлар, конференциялар және т.б.) шеңберінде осындай іс-шараның әрбір қатысушысына тапсырылған болса, сыйлықтар немесе көрсетілетін қызметтерді қабылдауға құқығы жоқ;
 - Серіктестік атынан төменде көрсетілген тұлғаларға, егер мұндай сыйға тарту Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасында көзделген талаптар мен шектеулерді бұзбаса:
 - Серіктестік брендині ілгерілету мақсатында, сондай-ақ маркетингтік бағдарламалар, жарнамалық және PR-науқандар (көрмелер, баспасөз турлары және т.б.) шеңберінде атаулы күндер мен мерекелерде әріптестерге және өзге де үшінші тұлғаларға;

 Товарищество с ограниченной ответственностью «Маңғыстау Энергомұнай» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі		Іскерлік әдеп кодексі	
Құжаттың түрі: Ереже	Код: MEM-PR-26-73	1 басылым	11 бет, барлығы 13

- әріптестерге, клиенттерге және іскерлік қатынастарды қолдау мақсатында, сый беретін тарап өңірінің мәдени, ұлттық ерекшелігін ескере отырып, өзге де үшінші тұлғаларға брендтелген кәдесыйларды сыйға тартуға жол беріледі.

7.6. Өкілдік шығыстар.

Өкілдік шығыстарды, оның ішінде Серіктестіктің үшінші тұлғалармен іскерлік қонақжайлылығын жүзеге асыру мынадай өлшемдерге сәйкес келуге тиіс:

- 1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатқа және Серіктестіктің басқа да ішкі нормативтік құжаттарына толық сәйкес келуге;
- 2) ақылға қонымды, көлемі мөлшерлес болуға және сән-салтанат заттары болып табылмауға;
- 3) қызмет көрсеткені, әрекет еткені, әрекетсіздігі, жол бергені, қамқорлық жасағаны, құқық бергені, мәміле, келісім, лицензия, рұқсат және т.б. туралы белгілі бір шешім қабылдағаны немесе алушыға өзге заңсыз немесе әдепсіз мақсатпен ықпал ету әрекеті үшін жасырын сыйақы болмауға;
- 4) қонақжайлылық білдіру адамның белгілі бір түрде әрекет етуге ықпал етуге немесе бейімдеуге немесе осы адамды оның рөлін немесе функциясын орындағаны үшін сыйақы алуға арналмаған және қабылданбайтын болуға;
- 5) сыйлықтар немесе өкілдік шығыстар туралы ақпаратты жария еткен жағдайда Серіктестік, лауазымды адамдар мен жұмыскерлер, сондай-ақ өзге де адамдар үшін бедел тәуекелін туғызбауға;
- 6) қонақжайлылық көрсету орынды және Серіктестіктің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатында көзделген шектен шықпайтын және тиісті бөгде ұйымның қонақжайлылығына қатысты саясатты бұзбайтын болуға тиіс.

7.7. Қайырымдылық және демеушілік көмек.

- 1) Серіктестік қайырымдылық және демеушілік көмектер жүзеге асырмайды. Осы Кодекстің ережелері қызметкерлер өздерінің жеке атынан жүзеге асыратын қайырымдылық жарналары мен демеушілік жағдайларына қолданылмайды;
- 2) Мүдделер қақтығысын болдырмау және сыбайлас жемқорлықтың және/немесе лоббилік айыптаулардың ықтимал тәуекелдерін болдырмау мақсатында, Серіктестік саяси партияларды қолдайтын жарналар мен қайырымдылықтар жасамайды. Қазақстан Республикасының және өзге де елдердің үкіметтеріне жасалатын төлемдер тек заңнамамен бекітілген төлемдермен (салықтар, алымдар және т.б.) шектеледі, Серіктестік мұндай төлемдер туралы есепті тиісті ақпараттық ресурстарда жариялайды. Сонымен қатар Серіктестік өз қызметкерлерін Серіктестіктегі жұмысынан тыс уақытында саяси партияларға жеке жарналар төлеуін және саяси партиялардың және/немесе қозғалыстардың қызметіне қатысуын шектемейді, егер мұндай жарналар мен қызмет ықтимал немесе нақты мүдделер қақтығысына әкеп соқтырмайтын болса.

8. Комплаенс қызметі

Комплаенс қызметі Серіктестіктің барлық қызметкерлерінің Кодекс ережелерін сақтауын қамтамасыз ету мақсатында Серіктестіктің құрылтайшылары, Байқау кеңесі қабылдайтын бастамалар, шаралар мен іс-қимылдар шеңберінде құрылды.

9. Кодекстің сақталу мәселелері бойынша байланыс арналары



Құжаттың түрі: Ереже	Код: MEM-PR-26-73	1 басылым	12 бет, барлығы 13
--------------------------------	-----------------------------	-----------	--------------------

Серіктестікте қызметкерлердің осы Кодексті және/немесе Қазақстан Республикасының, заңнамасын бұзу фактілері туралы ақпараттандырудың қауіпсіз, құпия және қолжетімді арнасы ұйымдастырылған.

Серіктестік қызметкерлерінің қайсыбірінде өз іс-әрекеттерінің әдептілігіне немесе заңдылығына, сондай-ақ Серіктестікпен өзара іс-қимыл жасайтын басқа қызметкерлердің, органдардың, контрагенттердің немесе өзге де мүдделі тұлғалардың іс-әрекеттеріне, әрекетсіздігіне немесе ұсыныстарына күмән туындаған кезде, олар бұл туралы (оның ішінде анонимді түрде) мынадай байланыс арналары (қауырт желі) арқылы хабарлай алады:

- **Қауырт желі:**
Тел.: 8 800 080 47 47
WhatsApp: 8 771 191 88 16
Интернет-портал: www.sk-hotline.kz
Электрондық пошта: mail@sk-hotline.kz

10. Қорытынды ережелер

1) Серіктестіктің барлық қызметкерлері Кодекске **F-01/MEM-PR-26-73** сәйкес Кодекспен танысқаны туралы растау нысанына қол қоюы тиіс;


2) Кодекс ережелерін бұзу Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Серіктестіктің ішкі құжаттарына сәйкес қызметкерлерге тәртіптік сипаттағы шара қолдануға негіз бола алады;

3) Серіктестік Кодекстің сақталмауы және/немесе басқа да бұзушылықтар туралы хабарлаған бірде-бір қызметкердің қудаланбауын қамтамасыз етеді;

4) Кодекс ережелердің толық жиынтығы болып табылмайды және қызметкерлер мен Мүдделі тараптар өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында және Серіктестікпен өзара қарым-қатынаста ұшырасуы мүмкін барлық ықтимал жағдайлар үшін ұсынымдарды болжай алмайды.

11. Жазба нысаны

Нысан коды	Атауы
F-01/MEM-PR-26-73	Растау-нысаны

 Товарищество с ограниченной ответственностью «Маңғыстау энергомұнай» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Іскерлік әдеп кодексі		
	Құжаттың түрі: Ереже	Код: MEM-PR-26-73	1 басылым

№ 1 қосымша

«Маңғыстау энергомұнай» ЖШС БҰҰ Жаһандық шартының он қағидатын құрметтеуге міндеттеме алады

Адам құқықтары:

1. Іскер топтар халықаралық танылған адам құқықтарын қорғауды қолдауы және құрметтеуі тиіс;
2. Іскер топтар адам құқықтарын өздерінің бұзбайтынына көз жеткізуі тиіс.

Еңбек:

3. Іскер топтар қауымдастықтың еркіндігін және ұжымдық келіссөздерге құқықтың тиімді танылуын қамтамасыз етуі тиіс.
4. Іскер топтар зорлық-зомбылық немесе мәжбүрлі еңбектің барлық нысандарының жойылуын қамтамасыз етуі тиіс.
5. Іскер топтар балалар еңбегіне тыйым салуды қамтамасыз етуі тиіс.
6. Іскер топтар еңбек және кәсіп саласындағы кемсітушіліктің жойылуын қамтамасыз етуі тиіс.

Қоршаған орта:

7. Іскер топтар экологиялық мәселелерді шешуге сақтықпен қарауы керек.
8. Іскер топтар үлкен экологиялық жауапкершілікті ілгерілетуге арналған бастамаларды көтеруі тиіс.
9. Іскер топтар экологиялық қауіпсіз технологияларды дамыту мен таратуды ынталандыруы тиіс.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес:

10. Іскер топтар сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне, соның ішінде бопсалау мен пара алуға қарсы іс қимылдар жасауы тиіс.



ТОО «МАНГИСТАУЭНЕРГОМУНАЙ»

БАҚЫЛАУШЫ КЕҢЕС
ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ

ВЫПИСКА ИЗ ПРОТОКОЛА
НАБЛЮДАТЕЛЬНОГО СОВЕТА

г.Астана

№11 пункт 2

«05» мая 2025 г.

Место проведения заседания Наблюдательного совета Товарищества: Республика Казахстан, г.Астана, 010000, район Есиль, улица Кунаева 8, БЦ «Изумрудный квартал», блок «Б», 39 этаж.

Кворум для проведения заседания Наблюдательного совета Товарищества имеется.

По вопросу повестки дня:

2. Об утверждении Кодекса деловой этики ТОО «Мангистауэнергомунай».

Заслушав генерального директора ТОО «Мангистауэнергомунай» Косбаева Н.Р., Наблюдательный Совет «МЭМ» обсудив проголосовав,

РЕШИЛ:

1. Утвердить Кодекса деловой этики ТОО «Мангистауэнергомунай».
2. Генеральному директору Товарищества Косбаеву Н.Р. в установленном порядке принять необходимые меры, вытекающие из настоящего решения.

Секретарь
Наблюдательного совета



Жангирханулы Б.